

Жылнамаларда халық тарихының тек драмалық сәттері, соғыстар ғана қамтылады. Бейбітшілік тарих жадында ұзақ сақталмайды.

Олжас Сүлейменов

Сабақтың мақсаты:

Қазақ жеріне сыртқы саяси күштердің әсер етуін көрсете отырып, студенттің теориялық білімдерін тереңдету, ораторлық қасиеттерді дамыту және шыңдау

Сабақтың жоспары:

1. Өткен бөлімді қорытындылау
2. Жаңа тақырып
3. Кескін картамен жұмыс
4. Деңгейлік жұмыстар
5. Брейн-ринг ойыны
6. Дебат ойыны
7. қорытындылау

1. ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ ТАПСЫРМА

-
- **Түрік қағанаты 551-603 жылдар**
 - **Батыс түрік қағанаты 603-704 жылдар**
 - **Түргеш қағанаты 704-756 жылдар**
 - **Қарлұқ қағанаты 756-940 жылдар**
 - **Қарахан мемлекеті 942-1210 жылдар**
 - **Қарақытай мемлекеті 1128-1213 жылдар**

2. БАЯНДАМА ҚОРҒАУ

-
- 1. “Қазақстан жерінде ислам дінінің таралуы” – баяндамашы Шугаюпова Гүлнұр
 - 2. “Атлах маңындағы арабтар мен қытай әскері арасындағы шайқастың маңызы” – баяндамашы Көпбаев Ғайни
 - 3. “Түрік кезеңіндегі тарихи ескерткіштер” – баяндамашы Базарбеков Айбек

ЖАҢА ТАҚЫРЫП:

**МОҢҒОЛ МЕМЛЕКЕТІНІҢ
ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ МОҢҒОЛДАРДЫҢ
ҚАЗАҚСТАН ЖЕРІН ЖАУЛАП АЛУЫ**

ШЫҢҒЫС ХАН



□ 1155-1227 жж.

Қазақстан және Орта Азияның
1213 жылға дейінгі картасы

Сібір тайпалары

Моңғол империясы

Қыпшақ хандығы

Сарай-Ал Жедид
Сарай-Берке
Итель
Сарайшық

Хакан Имакия
Имакия

Орда-Базар

Барчалыкент

Каспий теңізі

Семендер
Мангыстау?

Арал теңізі

Янгикент

Джөнд

Сыгнак

Созак Сауран

Яссы Отырар Тараз

Сайрам

Испиджаб

Шаш

Гургандж

Кият

Хива

Бухара

Самарканд

Мерв

Хорезмшах
Империясы

Қарлұқ хандығы
Койлық
Алмалық
Бешбалық

Найман хандығы

Қарақытай мемлекеті
Куча
Аксу

Қашғар
Қашғариядағы
Қарахан хандығы
Ярканд

Хотан

Гуридтер мемлекеті

Тибет

Сызыған: Adaykz


ШЫҢҒЫС ХАН ЖОРЫҚТАРЫ

- 1207-11 жж. Шыңғыс хан Сібір мен Шығыс Түркістанды(буряттар, якуттар, ойраттар, қырғыздар, ұйғырлар) бағындырды.
- 1211 ж. Цзинь мемлекетіне жорық жасады.
- 1215 ж. Бейжінді алды.
- 1217 ж. Солтүстік Қытай түгел Шыңғыс ханның билігіне көшті.
- 1219 ж. Корея патшалығы Шыңғыс хан әскерлерінен тізе бүкті.
- 1218-19 жж. Жетісуды, 1219-21 ж. Қазақстан мен Орта Азияны жаулап алды.

Монгол жаулаушылығы. Монгол империясының құрылуы.

- Шоңғес хан ұрпақтары жаулап алған аумақтар
- 1206 ж. дейінгі монгол тайпаларының алғашқы біріккен аймағы.
- 1206 ж. Монгол мемлекеті құрылған кездегі аумағы.
- 1227 ж. дейінгі Шоңғес хан иелігі.
- Салтқ төлейтін аумақтар

- Монғолдардың уақытша бағылауында болған аймақтар
- Шоңғес хан жорықтары
- Шоңғес ханның ұлдары мен қолбасшыларының жорықтары
- Батый ханның жорықтары
- Негізгі шайқастар



Ұлыстардың құрылуы

Жошы

Шағатай

Үгедей

Төле

Жерлері

Шығыс Дешті
қыпшақ жері,

Арал, Сырдарияның
төменгі ағысы


Оңтүстік және
Оңтүстік

Шығыс Қазақстан
Жетісу аймағы

Батыс Монғолия
мен Алтай,
Тарбағатай,
Ертістің жоғарғы
ағысы

Монғолия
жері

Қазақ жерінде ұлыстардың құрылуы






**Монголия
XIII в.**



1. КЕСКІН ҚАРТАМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ



Масштаб 1:10 000 000

2. ДЕНЦГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАР

**І ДЕНГЕЙ.
ТЕСТ СҰРАҚТАРЫНА
ЖАУАП БЕРУ**

**II ДЕНГЕЙ.
ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ
КЕСТЕМЕН ЖҰМЫС**

**III ДЕНЦГЕЙ.
ТАРИХИ ДИКТАНТ**

**IV ДЕНГЕЙ.
ҰҒЫМДАР МЕН
ТЕРМИНДЕРДІҢ
МАҒЫНАСЫН ЖАЗУ**

□ I деңгей

- 1. XII ғ. соңында моңғол далаларында билік құрған кім?
 - а) Темучин б) Касым в) Абылай г) Тәуке
- 2. Шыңғысханның билік құрған жылдарын табыңыз.
 - А) 1155-1227 ж ә) 1206–1227 жж. Б) 1200-1300ж г) 1250-1300ж
- 3. 1211 жылы Арслан хан моңғол-татар әскерлерінің шабуылы кезінде не істеді?
 - А) өзін Шыңғысханның билеушісі деп санады
 - б) өзін Шыңғысханның вассалы, бағыныштысы деп санады
 - в) өзін Шыңғысханның мұрагері деп санады
 - г) өзін Шыңғысханның одақтасы деп санады
- 4. Қай жылы моңғолдар көршілес елдердің халықтары: буряттарды, енисей қырғыздарын, таңғұттарды бағындырды?
 - А) 1205-1207ж б) 1200-1203 ж в) 1208–1209 ж г) 1214-1218 ж
- 5. Тимучин Шыңғысхан деген атпен қашан моңғолдардың әміршісі болып жарияланды?
 - а) 1206 ж б) 1207ж в) 1208 ж г) 1209 ж
- 6. Цзинь мемлекетінің астанасы болған Пекинді қашан бағындырды?
 - А) 1214ж ә) 1215 ж б) 1216 ж в) 1217 ж
- 7. Елдің бүкіл жері мен халқы неше әскери әкімшілік округке бөлінді?
 - А) 1 ә) 2 б) 3 В) 4
- 8. Түмендер неше адамнан құралды?
 - А) 1 мың адам ә) 5 мың адам в) 10 мың адам г) 10 мың адам
- 9. 1211 жылы Шыңғысхан қайда бет алды?
 - а) Солтүстік Қытайға ә) Оңтүстік Қытайға
 - б) Қазақстанға б) Орталық Қытайға
- 10. Темучинді қай өзеннің сағасында моңғолдардың әміршісі деп жариялады?
 - А) Ертіс ә) Өнан б) Жайық в) Іле

II ДЕҢГЕЙ

- 1155 жыл
- Тимучин бай ноян Есугей – бағадұрдың отбасында дүниеге келді.
- 1206 жыл
- Орхон өзенінің сағасында Темучинді жақтаушылардың–моңғол ақсүйектерінің құрылтай жиналысы болып, онда ол Шыңғыс-хан деген атпен моңғолдардың әміршісі болып салтанатты түрде жарияланды.
- 1207 – 1209 жылдар
- Шыңғыс-хан бастаған моңғолдар танғұттық Си – Ся мемлекетін жойып, шапқыншылықпен басып алса, одан кейін ұйғырларды өздеріне тәуелді етті, ұйғырлардың басқарушысы идикұт Баршық өзін Шыңғыс-ханның вассалы деп таныды.
- 1218 жыл
- Шыңғыс-хан Орта Азияға Омар -Қожа Отрари, Жамал Марағи және басқа саудагерлер басқарған сауда көруенін жіберді
- 1219 жыл
- 150 мыңға жуық Шыңғыс-ханның қалың қолы Ертістен Сырдарияға қарай қаптайды.
- 1219 – 1224 жылдар
- моңғолдар шапқыншылығы нәтижесінде Қазақстан мен Орта Азия Шыңғыс-хан империясының құрамына кірді.
- 1227 жыл
- Тангуттарға қарсы 2-ші рет жасаған жорық кезінде ауырып Шыңғыс-хан қайтыс болды.
- 1225 жыл
- Қарақорымда моңғол ақсүйектерінің құрылтай жиналысы Шығыс Еворпаға жаңа жорық жасауға шешім қабылдады.
- 1236 жыл
- Батыйдың самсаған әскері Кама өзені бойындағы Булгарияны, Мардваларды талқандайды
- 1239 жыл
- моңғол әскерлері Еділ өзенінің ту сыртынан Руське қарсы екінші жорыққа аттанды.

III ДЕНҒЕЙ

- **Шыңғыс хан** — Азияда тұңғыш біртұтас мемлекет құрушы, өз заманының аса ірі әскери және мемлекет қайраткері. Ежелгі ру басшысы **Есугей** баһадүрдің отбасында туған.
- Ұлы хан жазбаша іс жүргізуді ұйымдастырды. 1206 жылы ол әдеттегі құқық (**Ұлы жасақ**) ережелерін бекітті.
- Мемлекет ішіндегі наразылықтарды басу үшін 10 мың адамдық жеке гвардия (кэшиг) құрды.
- 1207-11 жж. Шыңғыс хан Сібір мен Шығыс Түркістанды (буряттарды, якуттарды, ойраттарды, қырғыздарды, ұйғырларды) бағындырды.
- 1211 ж. Цзинь мемлекетіне жорық жасады. 1215 ж. **Бейжінді** алды. 1217 ж. Солтүстік Қытай түгел Шыңғыс ханның билігіне көшті. 1219 ж. **Корея** патшалығы Шыңғыс хан әскерлерінен тізе бүкті. Моңғол әскерлерінің Солтүстік Қытай мен Корея патшалығына жорықтарын ірі қолбасшы, әмір Мұқылы Гауин Жалаири басқарды.
- Қытайға қарсы шабуылдан кейін Шыңғыс хан әскерлерінің бір тобы 1218-19 жж. **Жетісуды**, 1219-21 ж. Қазақстан мен Орта **Азияны** жаулап алды.
- Басып алынған жерлерді Шыңғыс хан ұлыстарға бөлді де, ұлдарына үлестіріп берді. Жошыға Ертістен Орал тауына, одан оңтүстікке қарай Каспий теңізі мен Арал төңірегіне дейінгі жерлер, Орта Азиядағы иеліктерінен Солтүстік Хорезм мен Сырдария аймағы, **Шағатайға** Мауераннахр, Жетісу, Қашқария, Үгедейге Батыс Моңғолия мен Тарбағатай аймағы берілді. **Төле** әкесінің ұлысы Моңғолияны мұраға алды.

3. БРЕЙН-РИНГ ОЙЫНЫ

4. ДЕБАТ ОЙЫНЫ

ҚАРАР:

БҰЛ ПАЛАТА ШЫҢҒЫС ХАН АДАМЗАТ
ТАРИХЫНДАҒЫ ЕҢ МЫҚТЫ ҚОЛБАСШЫ ДЕП
САНАЙДЫ